ZHETYSU UNIVERSITY

# Jetisý ýnıversıteti

№6 (231)
23 maýsym
2023 jyl

ALMATY OBLYSTYQ QOĞAMDYQ-SAIASI JASTAR GAZETI
АЛМАТИНСКАЯ ОБЛАСТНАЯ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОЛОДЕЖНАЯ ГАЗЕТА

*«Лунд университеті – Швецияның оңтүстігіндегі Лунд қаласындағы университет. 1666 жылы құрылған оқу орны Швецияның қазіргі шекарасындағы екінші көне университет болып саналады. Лунд университетінде жеті факультет, 50 түрлі бағдарлама мен 800 курс бар. Онда 34 мыңнан астам студент оқиды.»*



# ЛУНД УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒАЛЫМДАРЫ ЖЕТІСУДА

Профессор-оқытушы құрамының академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетіне Лунд университетінің (Швеция) ғалымдары шақырылды. Басқарма төрағасы – ректор Қуат Баймырзаев Философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор Рустамжон Уринбоев пен философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор Шерзод Ералиевті қабылдады. Кездесуде ректор университет ғылымының дамуы туралы баяндап, қонақтардың пікірін білді.

Жазғы мектеп аясында 2023 жылдың 14 маусымы мен 13 шілдесі аралығында «Құқықтану» бакалавриат білім беру бағдарламасының көптілді тобының білім алушылары үшін дәрістер мен практикалық сабақтар өтетін болады. Сондай-ақ, ЖОО-ның барлық профессорлық-оқытушылық құрамы үшін семинар-тренингтерді өткізу, бірлескен жобалар мен жарияланымдарды талқылау, докторлық және магистрлік диссертацияларға жетекшілік ету жоспарлануда.

Жетісу университеті мен Лунд университеті арасындағы ынтымақтастық 2022 жылы басталған болатын. Осы уақыттан бері Жетісу университеті Европалық комиссия қаржыландыратын «Central Asian Law: Legal Cultures and Business Environments in Central Asia)» және «MOCCA: Multilevel Orders of Corruption in Central Asia» халықаралық ғылыми жобалардың орындаушылары болып табылады. Бұл жобалар Рустамжон Уринбоевтың жетекшілігімен Лунд университетінің базасында орындалуда.



# ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ АЯСЫНДА БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Түркістанда Ұлттық құрылтайдың алдағы отырысы аясында «Білім және ғылым» жұмыс секциясының отырысы өтті. Іс-шарада белгілі қоғам қайраткерлері, Парламент депутаттары, ғалымдар мен сарапшылар өз ойларымен бөлісті.

Модератор ретінде Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек сөз сөйледі. Сондай-ақ, сессия жұмысына ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары Аида Балаева, Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев қатысты.

«Өздеріңіз жақсы білесіздер, білім мен ғылымның ең негізгі міндеттерінің бірі – интеллектуалды ұлт қалыптастыру. Осы реттен келгенде, баршамыз жұмыла атқаратын жұмыстар жетерлік. Ол «Әліппеден» бастап ғылыми зерттеулерге дейінгі барлық жұмыстарымыздың сапалық деңгейінің жоғары болуы. Содан білім алған ұрпақтың бәсекеге қабілетті азамат болып қалыптасуы», - деді министр Саясат Нұрбек.

Секцияда цифрлық және жаңа технологиялық шындық, ұрпақтар сабақтастығын сақтау аясында қалыптасып келе жатқан жас ұрпақтың ерекшеліктері талқыланды. Жоғары білім берудегі реформаларды жетілдіру, оның ішінде жоғары оқу орындарын басқарудың заманауи тетіктерін енгізу және оқытушылардың мәртебесін арттыру қажеттілігіне ерекше назар аударылды.

Сарапшылар әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарды дамыту және елдің жалпы идеологиялық негізін қалыптастыру мәселелеріне жеке тоқталды.

Сонымен қатар секция жұмысы аясында орта білім беру, әсіресе ауылдық жерлерде мектеп инфрақұрылымын жақсарту мәселелері көтерілді.

Талқылау қорытындысы бойынша Ұлттық Құрылтай мүшелерінің мемлекеттік органдармен бірлесіп ұсыныстарын іске асыру жөніндегі арнайы іс-шаралар жоспарын әзірлеуге қатысты шешім қабылданды.




IELTS ЖӘНЕ TOEFL БАЛДАРЫН ҰБТ БАЛДАРЫНА АУЫСТЫРУ ШКАЛАСЫ

2 бет



ӨЗ ТІЛІН МЕНСІНБЕЙТІНДЕР АҚЫМАҚ НЕМЕСЕ ДҰШПАН

3 бет




4-5 бет




ДОРОГУ МОЛОДЫМ ИЛИ STARTUP FOR STUDENTS

7 стр.



# МЕРЕЙТОЙ ИЕСІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде Техникалық ғылымдар жоғары мектебінің доценті, Ресей жаратылыстану академиясының құрметті ғылым докторы, профессор, Балтық педагогикалық академиясының мүше-корреспонденті Рахымбеков Айтбай Жапарұлының мерейлі 70 жасқа толуына орай жиын өтті.

Салтанатты жиында сөз алған университет ректоры Қуат Баймырзаев мерейтой иесінің Жетісу университетіне сіңірген еңбегін атап өтіп, «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісін өңіріне қадады.

«Сіз – осы білім ордасының іргe тасын қалаушылардың бірісіз. Университет сізді мақтан тұтады», – деді басқарма басшысы өз сөзінде.

Ғалымның әріптестері мен шәкірттері, үзеңгілестері ғылымға сіңірген ұзақ жылғы еңбегі мен жетістіктерін айтып естеліктерімен бөлісті.

Сондай-ақ, еліміздегі ЖОО-лардың профессорлары, қоғам қайраткерлері де онлайн байланысқа шығып, мерейтой иесіне ақ жарма тілектерін арнады.



# «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОРЫНЫҢ БІЛІМ ГРАНТЫ

Жетісу жеріне келген «Қазақстан халқына» қоры төрағасының орынбасары Ләззат Шыңғысбаева І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетіне арнайы ат басын бұрып, Қордың білім беру грантының иегерлерімен кездесті. Кездесуге университет ректоры Қуат Баймырзаев, декандар мен студенттер қатысты.

Былтыр «Қазақстан халқына» қорына 86 жоғары оқу орнының 43 мыңнан астам студентінен өтініш түсіп, нәтижесінде білім беру гранттары енгізілген болатын.

Бағдарлама мақсаты ауыл мектептерінің түлектері мен халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан студенттерді қолдау, ел азаматтарының осы санаты үшін жоғары білімнің қолжетімділігін арттыру. Бүгінгі таңда бұл бағдарлама бойынша Қазақстанда 2400 студент білім алып жатыр - дейді Ләззат Алтынбекқызы.

Ал Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде 29 студент аталмыш бағдарлама бойынша жоғары білім алуда.

Кездесу барысында төраға орынбасары бұл бағдарламаның басқа гранттық бағдарламалардан ерекшелігі мен артықшылығын атап өтті. Сондай-ақ, ол студенттердің көкейінде жүрген сұрақтарға жауап берді.



# БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСЫ ӨТТІ

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығының базасында «кейс-технологияны қолдана отырып, математика мұғалімдерінің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру» 36 сағаттық курс өтті. Курсты 8d01501-«Математика» білім беру бағдарламасының 3 курс докторанты Р.Абдуалиева өткізді. Біліктілікті арттыру бағдарламасы докторанттың диссертациялық зерттеуінің нәтижелері бойынша әзірленді.

Бағдарламаның мақсаты: сандық бағдарланған сервистерді пайдалана отырып, қазіргі білім беру жағдайында математика мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру.

Курсқа университет оқытушылары мен мектеп мұғалімдері қатысты. Тыңдаушылар математика мұғалімінің оқу-әдістемелік жұмысын іске асыру үшін интерактивті платформаларды, кәсіби қызметте заманауи цифрлық бағдарланған құралдар мен сервистерді пайдалануды үйренді.

# IELTS ЖӘНЕ TOEFL БАЛДАРЫН ҰБТ БАЛДАРЫНА АУЫСТЫРУ ШКАЛАСЫ




IELTS және TOEFL халықаралық стандартталған сертификаттарының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы жарияланды.

Ғылым және жоғары білім министрлігі жоғары оқу орындарына қабылдау ережелеріне сәйкес IELTS және TOEFL халықаралық сертификаттары бар талапкерлер өз нәтижелерін «Ағылшын тілі» пәні бойынша ҰБТ балдарына ауыстыра алатынын айтты.

«Бұған дейін талапкерлерге IELTS балдары 6.0-ден жоғары болса ғана, «Ағылшын тілінен» 45 балл берілетін. Алайда көптеген талапкерде ағылшын тілін жақсы деңгейде меңгергендігін растайтын белгіленген балдан төмен IELTS сертификаттары болды. Сондықтан түлектер мен сарапшы мамандардың пікірін ескере отырып, биыл ҰБТ-да нәтижесі 5.5 IELTS сертификаттарын – 41, ал 5.0 балын 37 балға ауыстыру туралы шешім қабылданды. TOEFL сертификаттарының нәтижелерін ауыстыру бойынша да дәл осындай өзгерістер енгізілді. Бұл жаңалық «Ағылшын тілін» өзінің бейіндік пәні ретінде таңдаған тест тапсырушылардың жалпы нәтижелеріне оң әсерін тигізеді деп ойлаймын», - деді Ғылым және жоғары білім вице-министрі Қуаныш Ерғалиев.

Айта кетейік, IELTS және TOEFL халықаралық сертификаттарын ауыстыру жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары білім беру гранттарын тағайындау конкурсына өтініш берген немесе ақылы негізде оқуға қабылдау кезінде жүзеге асырады.

# ТҮЛЕКТЕРДІҢ ҚАЙСЫСЫ ГРАНТТЫ ЖҰМЫСПЕН ӨТЕЙДІ?

ҚР "Білім туралы" Заңына сәйкес 6 санат үшін грант бойынша үш жылдық немесе екі жылдық міндетті жұмыспен өтеу көзделген:

1) Педагогикалық, медициналық, ветеринариялық және ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша квота шегінде түскен ауыл жастары;

2) Педагогикалық, техникалық және ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша "Серпін" бағдарламасы бойынша түскен ауыл жастары;

3) Педагогикалық және медициналық мамандықтардың студенттері;

4) Бейіні бойынша докторлар бағдарламасы бойынша білім алған докторанттар;

5) Философия докторлары бағдарламасы бойынша оқыған докторанттар;

6) Барлық басқа мамандықтар.

# "БІЛІМ ТУРАЛЫ" ҚР ЗАҢЫНА СӘЙКЕС ГРАНТТЫ ЖҰМЫСПЕН ӨТЕУДЕН КІМДЕР БОСАТЫЛДЫ?

1) жүкті немесе 3 жасқа дейінгі балалары бар;

2) 1 немесе 2 топтағы мүгедектігі бар адамдар;

3) Егер бітірушінің жұбайы/зайыбы тұратын, жұмыс істейтін немесе қызмет өткеретін елді мекенде бос орын болмаса;

4) одан әрі грантқа резидентураға, магистратураға немесе докторантураға түскен жағдайда.

*Бетті дайындаған Әйгерім ИЕБЕКОВА.*

# КЕМЕЛДЕНЕ БЕРЕТІН КЕМЕҢГЕР

Менің қолыма қалам алуыма түрткі болған жағдай, ол – Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын оқып бітіруім. Төрт томдық кітапты оқуымызды талап еткен апайым - Шара Әсетқызына алғысым шексіз. Мен Әуезовті таныдым, Әуезов арқылы Абайды терең түсіндім, Абай арқылы қазақ ұлтының қилы тағдыры мен шиырлы өмір жолдарын тұщындым.

Не деп бастайын... Бір ойдың жетегіне, ырқына көніп, етегінен ұстасам, шабытым шамын жағып, көзге көрінер. Тәуекел. Несін жасырайын, өзге студенттер секілді мен де алдымен ғаламтор әлемінен эссені қалай жазсам екен деп, әр сайттың әр бетін мың қарадым.

Мен осы уақытқа дейін Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесі туралы білмеген едім. Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері абыройы, туындылары мен жүріп өткен дара жолы көпшілікке таныс қой. Бірақ...

Әуезов шығармашылығымен мектеп қабырғасында танысқаныммен, терең бойлап, заңғар жазушының қаламының құдіретін түсінбегенім жасырын емес. Кітапта берілген өмірі, шығармашылығымен танысып, портретін көргенде, ең бірінші бұйра шаштарына көзім түскені рас. Өңді, сымбатты ердің бейнесі жарқын, кескіні келбетті, бір көрген жанға ұзақ уақыт есінде қалатындай әсер береді екен.

Өз заманында білімді, сауатты, ел ағаларының алды болған Мұхтар Әуезов қазақ әдебиетіне



емес, өмір жолы да біз үшін үлкен тарих, өнеге мектебі.

Заңғар жазушы әлеміне қанат қағып, шаң басқан архивтерді ақтарып, ұйқысыз түндерін өткізіп, шет елдерді аралап, Мұхтар есімімен байланысты әр дүниені зерттеп, келешек ұрпаққа жеткізіп, тынбай еңбек ету - қуантарлық әрекет.

Жазушының өзі, шығармалары туралы жазылған көптеген қиыншылық пен алтындай уақытты талап еткен, маңдай термен келген еңбектің арқасында 55 томнан тұратын зерттеу кітабы жарыққа шықпақшы. Бұл үлкен тарих. Өткенге көз тастасаң, соңына жету мүмкін емес секілді.



Уәлихан Қалижанұлының «Сіз Әуезовті әлі оқыған жоқсыз ба? Онда әлі ештеңе оқымаған екенсіз…» деген сөзі есіме түсті. Әуезовтің атағы мен жаңа леп, өзгеріс, жаңа толқын алып келді. Абай өміріне екінші рет жан бітіріп, әлемге мойындатты. Мойнына түскен бар ауыртпалықты тағдырдың сынағы деп мойынсынбай, бетпе-бет айқасқа түсіп, өз даңғыл жолын салып кетті.

Мінсіз адам жоқ. Ал менің қиялымдағы Әуезов қандай? Ол - мінсіз. Уақыттың жылдамдығымен желдей жүйткіп, заманның аласапыран кезінде білімнің нәрін іздеп, ғылымның бір бөлігіне өз кірпішін қаламақ болған жазушының тек бір парақ пен қаламның иесі болмағанын бірі білсе, бірі білмес. Домбырада еркін ойнап қана қоймай, ол әнге қосылып бірге тамылжыта шырқағанда, талай жанның қошеметіне бөленген. Саятшылық жасап, аңға шығып, демалыс уақытын тиімді пайдаланғанды жөн көрген. Жазушыға берілген ең қиын сынақ – өз шығармасының оқырман қолына жетпей, өз есімін кітап бетінен сан ақтарса да, көре алмағандығы.

Бұдан асқан жаза бар ма? Дәл осындай озбырлықтың ащы дәмін татқан Мұхтар Әуезов еді. Менің Әуезовім – Алаштың аманатын арқалап, азамат ретінде берген антына өмірінің соңына дейін адал болған. Жаны жайсаң, жүрегі жұмсақ, көңілі кең, ақ пейілді Мұхтардың өнер жолы ғана Бұрын болған бассыздықтардың орнын толтырып, түйіншектелген тағдыр жібінің түйінін шешіп, халыққа жеткізу – үлкен міндет. Тарихтан тәбәрік алып, көзайым болып жатқан біз – бақытты ұрпақпыз. Жас талапкер әр оқыған шығармадан ой түйіп, өмірде өз керегіне жарата алса, бұл жазушының мақсатына жеткені деп білемін.

Менің Әуезовім – ең алдымен, ұлтын жан-тәнімен сүйген, алты Алаштың арманын арқалаған ұлы қаламгер.

**Арайлым ТЕМІРБЕКОВА,**
**Қазақ тілі мен әдебиеті**
**БББ-ның 3 курс студенті.**



# ӨЗ ТІЛІН МЕНСІНБЕЙТІНДЕР АҚЫМАҚ НЕМЕСЕ ДҰШПАН

Біз, қазақ, қызық халықпыз. Өз тілімізге өзіміз мұрын шүйіре қараймыз да, қазақ тілінде өзгелер сөйлесе қуанып, бөркімізді аспанға атамыз. Оларды әспеттеп, мақтан тұтамыз. Сондықтан да шығар, елімізде соңғы уақытта қазақша сөйлейтін өзге этнос өкілдері айтарлықтай көбейді. Қазақ елінде кіндік қаны тамып, ұлы даланың ауасын жұтып, суын ішкен соң, әрине, мемлекеттік тілде сөйлеу парыз. Ол – өз алдына бөлек әңгіме. Ал менің сұқбатымның Абдул-Керім есімді кейіпкері нигериялық азамат. Қазақстанға көшіп келгеніне көп болмаса да, қазақшасы судай ағып тұр. Маған «сіздің есіміңіз Әй-керім болса, менің есімім Абдул-Керім» демесі бар ма?! Өзгесің деп өзектен теппейтін халықпыз, десе де өзгемен өз тілінде сөйлесу қандай ғанибет – деп риза болдым. Жүзі басқа болғанымен, жүрегі қазақ азаматты сұқбатқа тарттым.

«Қазақ тілінде ойымды жеткізу қиын, орысша айтсам бола ма?» – деп, қазақ тілінің күрделілігін алға тартып, сылтауратып жүргенімізге отыз жылдан асты ғой. Сондықтан, әуелгі сұрағым «Қазақ тілін қалай, қайдан үйрендіңіз?» – болды.

– Маған осы сұрақты жиі қояды. Мен Қазақстан Республикасының азаматы болмасам да, осы елде тұрғандықтан қазақ тілін үйренуге тура келді. Бірақ, тіл үйрену үшін арнайы курстарға барған жоқпын. Қазақстанға алғаш келгенде Астана қаласында қазақ тілді ортаға тап болдым. Жора-жолдастарым, достарым түгел дерлік қазақтар. Олармен сыйластығымыз зор. Қазақтар ерекше салт-дәстүрі бар, мұсылман, адал ұлт екендігіне көзім жетті. Кез келген елге, жерге деген құрметті сол елдің тілінен бастау керек. Күніне 3-4 сөзден жаттап, тілдік қорымды күн сайын толықтырып келемін. Қазақ тілі жұмсақ әрі бай тіл екен. Маған оны үйрену қиынға соққан жоқ. Қазақша мақалдап сөйлегенді, ән салғанды ұнатамын. Қазіргі таңда «Made in Kazakhstan» деген атпен альбом шығару үстіндемін, әндерімнің 80 пайызы қазақ тілінде.

**– Парақшаңыздан көріп қалдым, контенттеріңіздің басым бөлігі қазақ тілін насихаттауға арналған екен. Мемлекеттік тілді білмейтін, үйренгісі келмейтін қазақстандықтарға не айтар едіңіз?**

– Мәселен, бізде, Африкада да туған ата-бабамыздың тілінде сөйлемей ағылшын тілінде сөйлеп келдік. Отарланған халықтың отарлаушы елдің тілінде сөйлеуі, ол барлық жерде бар. Біз осымен күресуіміз керек. Иә, менің тик-ток әлеуметтік желісінде 73 мыңнан астам, ал инстаграмда 15 мыңнан астам оқырманым бар. Аудиториям жүз пайыз қазақ тілді. Қазақ тілінде сөйлеп қана қомай, насихаттап жүремін. Кейде «мен қазақпын, руым – қоңырат» - деп қалжыңдаймын. Кейбір қазақстандықтар қазақша сөйлемейді, оны да көріп жүрмін. «Неге қазақ тілінде сөйлемейсіздер?» - деп көшеде адамдарға сұрақ қоямын, әркім әр түрлі уәж айтады. Мен ондай адамдарды ақымақ немесе дұшпан дер едім. Өзін сауатты, мәдениеттімін деп есептейтін азамат өз ана тілін жетік білуі керек.

**Қазақтың ұлттық киімдерін көп киеді екенсіз.**

– Иә, қазақтың ұлттық кимідері қатты ұнайды. Шапандары, тақиясы сондай әдемі. Менің бір басымда 25 тақия бар. Қазақтың салт-дәстүрі, ұлттық тағамдары мен ұлттық ойындары ғажап дүние екен. Екі балам бар, оларға да қазақ тілінде сөйлеуді үйретіп жүрмін.

**Әңгімеңізге рақмет!**

**Сұқбаттасқан Әйгерім ИЕБЕКОВА.**

***28 МАУСЫМ - БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ.***
***Кәсіби мереке қарсаңында Журналистика БББ-ның студенттері І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетін бітірген ақпарат саласының майталмандарымен кездесіп, сұқбат құрып қайтты. Өңірлік журналистикаға сүбелі үлес қосып жүрген қарымды қаламгер, кәсіби журналист аға буынмен кейінгі толқын арасында өзара сабақтастық орнатқан «Біздің түлек» айдарын ұсынамыз.***

# ҚАРА ӨЛЕҢНЕН БАСТАЛҒАН БАСПАЛДАҒЫМНЫҢ ЖАЛҒАСЫ

**ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ТҮЛЕГІ, ҚР МӘДЕНИЕТ ҚАЙРАТКЕРІ, ҚР АҚПАРАТ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ, «ЖЕТІСУ» ГАЗЕТІНІҢ БАС РЕДАКТОРЫ ЖҰМАТАЙ ОСПАНҰЛЫ**



**– Баспасөз саласындағы қызметіңіз жайлы қысқаша айтып өтсеңіз?**

– Қарапайым тілшіліктен бастап, кейін «әдебиет және мәдениет» бөліміне келдім. Арада сегіз жыл өткен соң маған басшылық жауапты хатшы қызметін ұсынды. Ол деген редакцияның жүрегі (генераторы). Былайша айтқанда, жиналысқа кім барады, келіп түскен мақаланы қалай орналастырсақ деп, газеттің дизайнына дейін түгел қарап шығатын маман. Осындай үлкен мектепте шыңдала жүріп, Жетісу газетінің бас редакторы қызметіне дейін көтерілдім.

**– Бәрекелді! Сізді шыңдап, бағыт-бағдар берген тәлімгер кім болды екен?**

– Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы дейді ғой атам қазақ. Алғашқы ұстаздарым Әміре Әрін мен Сабыржан Мұсабекұлы еді. Алашқа танымал екі алыптың ағалық қолдауымен журналистиканың қазанында қайнап, еңбек еттім. Көтерілген биігімнің әр баспалдағында сол жандардың үлесі зор. Саналы ғұмырын «Жетісу» газетіне арнаған Жанкүміс Жаменке әпкем туралы сөз қозғамасам, болмас. Бүгінде апайымыз құрмет демалысында. Қай кез болмасын, жағдайын сұрап, хабарласып тұрамын. Сөзінен маған үйретері әлі көп екені байқалады. Осындай ұстаздардан тәлім алған мына мен – бақытты жанмын!

**– Өмірдің өзі театр ғой. Дегенмен, сахнадан неге кеттіңіз?**

– Алматыдағы Т. Жүргенов атындағы Өнер академиясын «Театр және кино актері» мамандығы бойынша 2000 жылы бітіріп, отбасылық жағдайға байланысты Жетісу жеріне келдім. Сол жылы Б. Римова атындағы облыстық драма театрына жұмысқа орналастым. 2001 жылдың сәуірінде Талдықорған қаласы Алматы облысының орталығы болып жарияланды. Бүгінде 105 жылдық тарихы бар Алматы облыстық газеті де көш басын біздің қалаға бұрды. Шығармашылық адам болған соң, редакцияға барып жүрдім. Сондағы қаламгер, ақын, жазушы, журналист аға-әпкелермен араласып, танысып біте қайнасып кеттім. Қаламға жақын болғандықтан, өнер, театр туралы мақалаларымды, бір топ өлеңдерімді газет бетіне жариялап тұрдым. Жазбаларымның газет бетіне басылуы – шығармашылығымның екінші қырын ашты. Ардагер журналист, «Жетісу» газетінің бас редакторы болған Әміре Әрін ағамыз сол кезде орынбасар болатын. Ағамыз менің жазған-сызғанымды оқып, қарап жүрген екен. Мені Жетісу газетіне жұмысқа шақырды. Басында әзіл деп қабылдадым. Бірақ арада біраз уақыт өткен соң, ойламаған жерден БАҚ әлеміне аяқ бастым. Бұл салаға келгеннен-ақ әртістік бағытты мүлде өзгерттім. Сахна әлемі бөлек, қалам ұстап үстелде отыру бөлек. Ел аралап, ақпарат айдынының ескегін ұстау да бір бөлек дүние екен ғой.

**– Қос саланың жанға жақыны қайсы?**

– Негізі, театр сахнасы да, журналистика саласы да шығармашылық әлем ғой. Екеуі де адамның жан дүниесіне, руханиятына қызмет етеді. Театрды аңсап, аса қатты сағына қоймауымның себебі – осы шығар. Әрине, бұрынғыдай қойылымдарға қатысып, рөл сомдамағаныммен, журналистика қызметінде жүріп, ел алдына шығып сөз сөйлеуде театрдан алған тәжірибем үлкен көмек. Кез келген кездесуге қолымдағы домбырам мен қойнымдағы кітабымды ала жүремін. Барған жерде «ресми» жиналыс жасап, келген қауымның уақытын алу ойымда жоқ. Өлеңімді оқып, әнімді салып бір сәтке болсын көңілін көтеріп, еңсесін тіктеп қайтуға амал жасаймын. Өзімді сахнада жүргендей сезінемін.

Енді біреуін биік, біреуін төмен қоюға келмейді. Өйткені екі саланың өз қиындығы мен қызығы бар. Сондықтан, театр – шығармашылық әлемімнің алғашқы баспалдағы болса, журналистика – қара өлеңнен басталған баспалдағымның жалғасы іспетті.

**– Қазақ журналистикасының қазіргі күйі қандай?**

– Өткен ғасырда радио пайда болған кезде, елдің көңілінде «газет оқылмайды» деген күдік басым болған. Теледидар жарыққа шыққан кезде тағы сол күдік өршелене түсті. Газет, журналдар да өз бағытынан жаңылмай, өмір сүріп келеді. Бүгінде ғаламтор үлкен күшке ие болып отырғаны рас. Жұрттың көбі осы алақандай ғана смартфонға тәуелді болғанымен, қорқуға еш себеп жоқ. Белгілі бір уақытта адамдар газетке, кітап оқуға қайтып оралатынына сенемін. Өз басыма газет-журнал деген – ағаштың қағазға айналған нұсқасы, табиғи өнім сияқты көрінеді.

**– Жолыңызды қуған жас қаламгерлерге не айтар едіңіз?**

– Ұстаздарым маған ең алдымен, жауапкершілікті үйретті. Екінші жалқаулықты жеңіп, еш уақытта ерінбей, талмай ізденуді үйретті. Ол үшін әлбетте оқы, оқы және оқы! Осы бір ұстанымды мен өзімнің редакциядағы іні-қарындастарыма ұдайы айтып отырамын. Мені «әттеген-айға» апарған кемшіліктерден алыс жүргендерін қалаймын.

**Сұқбаттасқан Жанель ҚАНАТАЙ, Аяулым ТОЙШЫБЕКОВА, ЖПҚ-311.**

# Болмысым шығармашылыққа жақын




**ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ТҮЛЕГІ, «ЖЕТІСУ» ТЕЛЕАРНАСЫНЫҢ АРНАЙЫ ЖОБАЛАР БОЙЫНША ПРОДЮСЕРІ ГҮЛЖАН ҚЫЗАЙБАЙ**

**– Журналистика жолында басыңыздан өткерген қиындықтар?**

– Журналист боламын деп еш уақытта ойлаған емеспін. Бала күнгі арманым – ұстаздық. Ауылда мұғалім мен дәрігер – ең танымал мамандық еді ғой. Дәрігер бола алмасым анық, өйткені болмысым шығармашылыққа жақын. Сол себепті Жетісу мемлекеттік университетінің «Тарих және география» мамандығына оқуға түстім. Бірақ, екінші курстан бастап-ақ Гүлбану Ишкалова кураторым университетте өткен іс-шаралар туралы газет бетіне мақала жаздыра бастады. Өте белсенді білімгер едім, «Ділмар» дебаттық клубының мүшесі де болдым.

Бір күні дебаттың телевизиялық нұсқасын жасау үшін, өңірлік телеарна «Жетісуға» бардық. Сол кезден бастап, журналистикаға ғашық болдым. Дипломымды қолыма ала салып, телеарнаға қайта келдім. Алайда басшылықтан «Бізге тарихшы журналистер керек емес» дегенді естідім. Бірақ, қайтпадым. Өзімнің мақала жаза алатынымды дәлелдеп, барлық алғыс хаттар мен дипломдарды көрсеттім. Телеарнаның сол кездесі басшысы Клара Қамарова апай бетіме бір қарап, сәл жымиды да сен бір ай тағылымдамадан өт, кейін жұмысқа алам, қолыңнан келсе келді, келмесе ренжімейсің деді.

Үш апта дегенде алғаш сюжетім эфирге шықты. Онымен қоса алғашқы қиындықтар туды. Дауысым эфирге жарамайды. Тым жіңішке еді. Оны түзету үшін режиссеріміз Азат Құсайынов ағайдан күнде сабақ алатынмын. Дауыс қою, сауатты оқу, әр әріптің анық шығуы үшін түрлі жаттығулар жасадым. Қазір түсінгенім, өз мақсатыңа жету үшін қайтпайтын қайсар мінез бен еңбек керек. Егер осы екі қасиет болса, кез келген қиындықты жеңу – оңай.

**– Бүгінгі отандық журналистика мен журналистердің кемшіліктерін атай аласыз ба?**

– Бүгінде журналист мамандығы хайпқа ауысып кеткендей. Оған, әрине, интернеттің дамуы, әлеуметтік желінің ықпалы көп. Дегенмен журналистік этика, ұстаным деген дүниелер бар. Қазіргі кемшілік сол қасиеттердің жоғалып бара жатқандығында. Бұл журналистиканың құлдырауы деген сөз. Ең өкіністісі, «калька», яғни сөзді тура мағынада аударып, үндестік заңдылығын сақтамай сөйлейтін буын өсіп келеді. Бұл ана тілімізге төнген үлкен қауіп. Тілі жоғалған ұлттың – өзі де жоғалады деп Ахмет Батұрсынов бабамыз айтып кетті емес пе?!

**– Кез келген жан журналист бола ала ма?**

– Егер ниет болса, адамның қолынан келмейтін іс жоқ. Ал, журналист болу үшін жан-жақтылық, ұшқыр ой, алғырлық, батылдық, қайтпас мінез керек. Сонымен қатар әр саладан хабары мол, білімді азамат болуы шарт. Бастысы – қарабайыр емес, қарапайым да түсінікті, мәнді де мағыналы мәтін жазу.

**– Болашақ әріптестеріңізге берер кеңесіңіз?**

– Бір ғана нәрсе айтар едім: мақсат-мүдделерің қоғамды, ұлтты дамытуға бағытталсын, себебі болашақ жастардың қолында. Қазір жастарға ақыл-кеңес берудің өзі қателік. Себебі, заман дамыған сайын жас буынның қабілеті өзінше жаңа сатыда дамиды. Сол себепті де үлкендердің жастарға ешқашан көңілі толмаған. Тіпті, Абайдың заманында солай болған, қазір де солай. Өйткені жастар – жаңа кезеңнің тұлғасы. Олардың түсінік-пайымы өзгеше. Түсінгенім: оларға шектеу қоймау керек, себебі қоғамға жаңа леп әкелетін – жас буын.

**Сұқбаттасқан Дамир ЧАЙМҰРАТ, Аяулым БЕЙСЕНБЕКОВА, ЖПҚ-311.**

# ЖУРНАЛИСТИКА ҚАЛАУЫМ ЕМЕС ЕДІ



**ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРИСТЕТІНІҢ ТҮЛЕГІ, ОБЛЫСТЫҚ «ЖЕТІСУ» ГАЗЕТІНІҢ «РУХАНИЯТ» БӨЛІМІНІҢ МЕҢГЕРУШІСІ АСЫЛ СҰЛТАНҒАЗЫ.**

**– Асыл Амантайұлы, сізді журналистика мамандығы несімен қызықтырды?**

– Бұл мамандықты бала күннен аңсадым, сол жолды таңдау үшін оқушы кезден білек сыбанып еңбектендім деп өтірік айта алмаймын. Балалық шақта әскери адам болғам келді, кейіннен спорттағы жетістіктеріме қарап спортшы болуға талпындым. Дегенмен мектеп қабырғасынан түлеп ұшар шақта қос салаға бара алмайтынымды түсіндім. Әскери адам не спортшы болу үшін жыл бұрын оқуға қамданып, арнайы сынақтардан өтуің керек екен. Мерзімінен кешіккенімді білгенде қатты қапа болдым. Дегенмен, алтын ұя мектептегі ұстаздар мен анамның ақылы бойынша журналистикаға табан тіредік. Өйткені бала кезден әдеби, рухани шараларға қатысып жүретінмін. Байқаулардан жүлделі болдым. Соны есепке алған ұстаздар, үйдегі шешей «Сен журналистиканы таңдасаңшы» деп тілек қосты. Ата-әженің бауырында өскен біз үлкеннің сөзін екі етіп көрмегенбіз ғой. Сол себептен болар, ҰБТ тапсыруға нәбері бір ай қалғанда пәнді географиядан қазақ әдебиетіне ауыстырып, үлкен тәуекелге бардым. Осылайша үлкен бетбұрыс жасадым. Бүгінде журналистика мамандығын таңдауға ықпал еткен жандарға алғыс айтып келемін.

**– Тілші болу үшін қандай да бір қасиет болу керек пе?**

– Журналист деген кім? Алдымен осы сұраққа жауап берейік. Журналист – қоғамның алдында, ғылымның тереңінде, ілімнің кемелінде жүретін адам. Ол бүкіл саладан хабары бар жазарман тұлға. Оның әрбір хабары елдің бүгінін танытатын, кешегісінен көрініс беретін, ертеңіне бағдар болатын дүние болуы керек. Сондықтан ол ауыл шаруашылығы не мал шаруашылығы, әлеуметтік не экономика саласы болсын, кез келген арнаның ағысымен аға білуі, әрі сол саладан жиынтық білімі бар болуы керек. Екіншіден, «ақынның құлағы өзінен қырық жыл бұрын жаралады» деген әдебиетте тіркес бар. Сол секілді журналист те қоғамдағы ең сергек адам болуы керек. Әсіресе өз ана тіліңнің шырынына қанып, уызына тойып өсуің керек. Тілге шорқақ, жазуың қасаң болса, ойың тиянақты болмаса мың жерден еңбектенсең де толыққанды журналист бола алмайсың. Сөздің мәнін, парқы мен нарқын, мәйегін білсең, арғы-бергі тарихыңнан, әдебиетіңнен хабарың болса онда журналист болуға негізің бар деген сөз.

**– Мамандық жолында басыңыздан өткерген қызықты сәт?**

– Бұл салада бастан кешкен қызықты дүние көп. Бір күні облыс басшылары жаңадан салынып жатқан үйді аралап, сапасын тексеру мақсатында әрі мердігерлерге мерзімінде аяқтауды тапсыру үшін құрылыс алаңына барды. Газеттен тілші болып мен де ілестім. Бұл шашамен 2015 жылдары. Жаңадан қызметке тұрған кезім. Ақ пен қараны ажыратып, ащы-тұщыны әлі таңдайға басып талмап көргенім жоқ. Балаң көңілмен облыс басшыларының аузынан шыққан сөзді қойын дәптеріме сүйкей бердім, сүйкей бердім. Олар мердігерлерге, олардың құрылысшыларына қатты ескерту жасады. Өз кезегінде редакцияға келіп мақала жаздым. Арасында облыс басшыларының жалаңбас жүрген құрылысшыларға қаратып: «Жұмыс барысындағы сақтандыру шараларын неге жасамағансыңдар? Беттерінде маска, бастарында каска жоқ?» деп дүрсе қояբергенін айнытпай жаздым. Өзімше осы сөзді ұнатып тақырыпқа шығарып та жібердім. Сөйтсем журналистикада ондайды жазуға болмайды екен ғой, барынша жұмсақтап, оқырманға ұғынықты етіп бедерлеуің керек екен. Ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, қазіргі таңда жақын әпкемдей болып кеткен Айгүл Байжұмақызы маған сол жағын түсіндірді. Бірақ, әлі күнге дейін «басында каска, бетінде маска жоқ деп ұрандап келген бала» деп ұялтып қоятыны бар.

**– Жас журналистерге берер кеңесіңіз?**

– Өздерің сияқты іс-тәжірибеден өтемін деп құлшынып келген жастарға бір ғана дүниені айтып келе жатырмын. Ол – әдебиет уызына қану. Бұны не үшін айтамыз?! Қазіргі жастардың көбі кітап оқымайды. Олар Мұхтар Мағауинді ақын, Мұхтар Шахановты жазушы деп шатастыратын деңгейге түскен. Оған мысал келтірсек кейбір адамның намысына тиіп, әңгімеміз шамбайына батып кетер. Бір күні журналист, «Жетісу» газеті бас редакторының орынбасары Ришат Тұрғанбай ағам кабинетінде ашуланып отыр. Қорғасынның күлден шықпаған ерітіндісіндей қарауытып кеткен ағама қарап «Не болды?» деп сұрадым. «Маған бір журналист қыз келіп, Сейдахмет Бердіқұловтың нөмерін сұрады» дейді. «Сейдағаңды білмеген журналистке университет қалай диплом берген?!» деп ренжіп отыр. Сүйегіне қына түскен қазақ спорт журналистикасының атасын білмеген замандас үшін мен ұялдым. Сол секілді бір күні Ақберен Елгезектен бір жас Оралхан Бөкейдің үйінің әдірісін сұрапты. Көпке танылған әлгі ақын ашуланып қап, артынан әзілге сүйеп «Кеңсайға бар, баспанасы сонда» деп бағыт сілтеген екен. Бүгінгі жастардың дені осындай сипатта.

Өз тарихың мен әдебиетіңді білмеу ұят, ана тіліңнің уызына қана алмау – қасірет! Сондықтан жастарға «алдымен әдебиетке іңкәрлік танытыңдар, тым болмаса қазақтың классиктерін түгел тілшелеп оқып, таушалап таусыңдар» деп бағыт сілтеп отырамын. Бұл менің ең басты әрі нақты кеңесім болып қала беретін сыңайлы.

**Әңгімеңізге рақмет!**

**Сұқбаттасқан Назерке Кәкімова**
**ЖПҚ-311 топ студенті.**

## Мерейлі жас

*Міне, көктемнің шуақты күндерін артқа тастап жадырап жаз да келіп жетті. Табиғаттың осы бір жыл мезгілін әркім-ақ сыңғырлаған жез қоңырау үнімен, ұстаздар мен оқушылардың қарбалас, жазғы демалысқа деген қуанышты сәттерімен елестетеді. Оқу жылының аяғына қатарлас келетін Менің өмір жолымдағы ұстазым Айтбай Жапарұлының туған күні де жаздың үлесіне тиіпті.*



# Ұлағатты Ұстаз

*Құрметті Ұстаз, адам өмірінің айтулы белесі – 70 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!*

*Ұлт ұстазы, қазақтың өткен ғасырдағы руханиятының көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлы: "Мектептің жаны - мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы, яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі, мектепке керегі - білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім"- депті.*

*Айтбай Жапарұлының шәкірттері Қазақстанның түпкір-түпкірінде ұстаздық қызмет атқаруда.*

*Ұлағатты ұстаз – Айтбай Жапарұлымен алғаш 1992 жылы Талдықорған қаласында І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде студент шағымда таныстым. Сабақ кестесіне сәйкес «Химия» пәніне барып 228 аудиторияда отырғанбыз, сол кезде кең маңдайлы, сырт көзге сұстылау көрінетін, бірақ жүзі мейірім шуағынан ада емес ер адам кіріп еді, қасымда отырған бір қыз міне ағай осы кісі деді. Сол күннен бастап, химия саласы мен үшін таңғажайып қызықты әлемге айналды. Кейіннен менің де математика, физика және химия саласына бет бұруым ұстазымның арқасы деп мақтанышпен айтуыма толық құқығым бар.*

*«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» - деген Абай сөзінің байыбына енді жеткендеймін. Бұл сөз ұлағатты ұстаз Айтбай Жапарұлына арнап айтылғандай. «Не ексең, соны орасың» дейді дана халқымыз, осы мақалды қатаң ұстанатын Айтбай Жапарұлы өзі сүйіп айналысатын химия саласына ерекше ыждахаттылықпен қарап, бізге әрбір үйреткен білімін «соқырға таяқ ұстатқандай» етіп жеткізетін. Онысымен қоймай, біздің алған білімімізді жетілдіріп, бекіту үшін, ғылыми жұмыстар жаздырып, оны «бол да, болдың» астына алып қамшылап отыру Ұстазымыздың басты талабы болатын.*

*Халқына адал да, қалтқысыз қызмет еткен парасатты Айтбай Жапарұлының өмір жолы кім-кімге болсын үлгі. Ұлағатты ұстаз тәлімінен өткен шәкірт санасында Айтбай Жапарұлы есімі жарық жұлдыз мәңгілік жанып тұра беретініне өз басым зор сенімдемін.*

*Сіздің өмірлік тәжірибелеріңіз бен ақыл-кеңестеріңіз, тәлім-тағылымдарыңыздың біз үшін орны бөлек. Себебі, университеттің өсіп-өркендеуіне қосқан үлесіңіз бен еңбектеріңіз ерен. Талай жасты тәрбиелеп, ізбасарларыңызды өсірдіңіз. Бүгін, еңбегіңіздің зейнетін көріп отырған шақта да Сіз ұрпақтарыңызға игілік пен ізгіліктің, пайым-парасаттың үлгісін танытудан жалыққан емессіз.*

*Қадірлі Айтбай Жапарұлы! Сізге осынау мерейлі күні шын көңілімізбен зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт тілеймін.*

***Ілияс ЕСЕНҒАБЫЛОВ,***
***Техникалық ғылымдар жоғары мектебінің деканы.***

# МАУСЫМДА СОҒЫЛҒАН ҚОҢЫРАУ



Білім саласындағы жүйесіздіктің салдары – оның жиі реформаланууына жол беріп отыр. Биыл мектептерде соңғы қоңырау мамырдың 25-інде емес, 1 - маусымда соғылды.

Оқу-ағарту министрлігінің қабылдаған шешімдеріне көпшіліктің көңілі толмайды. Ал министрлік бұл бағытты "жас ұрпақты жақсы жетістікке жетелейтін жол" деп ақтап отыр. Былтыр оқу жылын ұзартып, демалыс күнін қысқарту жайлы мәселе ұсынылған. Биыл осы заң өз күшіне еніп, жұртшылық бұл бұйрықты құптамады.

Жалпы, «Соңғы қоңырау» салтанаты алғаш рет 1948 жылы 25 мамыр күні Мәскеу қаласында өткен болатын. Кейінірек, бірнеше мемлекет білім беру жүйесіне енгізді. Күні бүгінге дейін Қазақстанда да соңғы қоңырауды 25 мамыр күні атап өтетін. Оқу-ағарту министрлігінің тарапынан өзгеріс болғандықтан, биыл 1 – маусымда Халықаралық балаларды қорғау күнімен қатар тойланып отыр.

«Қазіргі таңда, ЭДЫҰ сарапшыларының бағалауы бойынша әлемдегі барлық білім беру жүйелері білім сапасын қалпына келтіру жолын қарастыруда. Оқушылардың білім алу бойынша кемшіліктерін жою үшін оқу жоспарының өзгерісіне бейімделуімен қатар, кейбір жағдайда оқу жылының ұзақтығында есепке алады. Қазақстан – ең ұзақ демалыс уақыты бар мемлекеттер қатарына кіреді. Сондықтан, оқу жүйесіне жүргізілген зерттеулер негізінде бес күндік оқу аптасин енгізу бекітілді» – деп мәлімдеді Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті.

Ата-аналар болса, оқу жылының аяқталуын тежеу оқушылардың санасына сабақ сіңіруіне ықпал етпейтіндігін, бұрынғы үрдісті қалпына келтіру жайлы ойларын білдіріп жатыр. Бес күнге созылған білім беру бағдарламасы жас жеткіншектерді мектеп қабырғасында тұтқындап отырғандай. Бұл аралыққа сабақ жоспарының жетілмегені, кітап беттерінің жетпейтіні айқындалды. Осы тақырып әлеуметтік желіде қызу талқыға түсуде. Төлеуғайша Науанованың пікірінше аптап ыстықта сабақ жүргізу – бала денсаулығына немқұрайлылық таныту.

«Оңтүстік өңірлерде мамыр айының соңында күн қатты ысып кетеді. Шыжыған ыстықта сабақ оқу оңай емес. Оның үстіне барлық мереке қат-қабат, бірінен соң бірі. Мәселен, 31 мамыр - Саяси-қуғын сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні болса, 1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күні және соңғы қоңырау. Біз аралда тұрып жатқан жоқпыз. Жанжағымызға қарайлау керек».

Ал Айнұр Ахметова білім беру бағдарламасындағы бағалу жүйесіне өзгеріс енгізу керектігін айтады. Білім беру жүйесіндегі БЖБ, ТЖБ-ны алып тастаса жақсы болар еді. Bilim land-ке тапсырма орындауға мұғалім емес, оқушы кіргені дұрыс.Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың айтуынша, «бұл әлемдік тәжірибелерді зерделеп, зерттей келе, балалардың оқу процесіндегі жүктемесін азайту бағытында қабылданған шара. Оны бірден өзгерте салуға болмайды.

Бұл бастаманы оқушылар және олардың ата-аналары ғана емес, ұстаздар өздері де қолдамайды. Соңғы жаңалықтарға сүйенсек, Оқу-ағарту министрлігі мектептердегі соңғы қоңырау уақытын қайта қарауы мүмкін.

Ата-аналар «балалардың демалысын қайтарыңдар» деп минстрлікке қайта-қайта сауал жолдап жатқан көрінеді.

Алдағы жаңа оқу жылында соңғы қоңырауға қатысты өзгертулер бола ма екен?

**Жанель ҚАНАТАЙ,**
**ЖПҚ-311.**



# БАЛАЛЫҚ ШАҚҚА ХАТ

Сәлем, қалың қалай? Саған Жансая дегенім дұрыс болар, өйткені сен бұл сырды әлі білмейсің. Негізі, есімің – Нұрила. Неге олай дейсің бе? Әкеңнің жұмсақ мінезі шығар, бәлкім. Анаң біраз уақыт жансақтау бөлімінде жатса керек, бала тұрмақ, өзіне қарауға шамасы болмаған ғой. Босандырған медбике саған ерекше көңіл бөліп, күтім жасап, бауыр басып қалған. «Есімін өзім берейін», – деп әкеңнен өтінген екен. Қайтсін, келісіпті. Қанша дегенмен, тұңғыш немересің: туыс-туған, ағайын жұрт ұзақ ойланып, азан шақырып, Жансая деп ат қоймақшы болған екен. Нұрила деген есімді атаң ешқашан да мойынған емес. Бәрі тек еркелетіп Сая дейтін...

Таң атысымен әжеңмен бірге сиыр сауууға тұрып алатынсың. Одан кейін әжең сені арқалап, көршілерге күнде түкіртіп шығатын. Себебі бала күніңде көз тиіп, жиі ауырып қалушы едің. Негізі, әжең ауылда сыйлы адам. Жас кезінде Астанада депутаттық қызмет атқарған соң, ауылдың іс-шарасы болсын, тойтомалағы, жұрт еш жерден қалдырмай шақыратын. Қайда барса да, сені жанынан бір елі тастамайтын. Ал атаңа келер болсақ, сөз жоқ қой. Үйдегілерге қоңырау шалып: «Сая жолға шығып тұрсын», – деп ерінбей, жолай тракторын тоқтатып, сені отырғызып алатын. Сондағысы – кішкене болсын қыдырту.

Сен бала күніңде сұмдық бұзық едің: су ағатын каналдың теміріне аяғыңды қыстырып алып, 1 сағат тұрғаның бар, 4 жасыңда қырманда адасқаның бар. Бәрін қойшы, ауылдың балаларымен есектің қодығын көремін деп бір өлімнен аман қалып едің. Ешкімге құлақ аспай жақындай түскеніңде, оның мойнындағы арқаны аяғыңа оралды емес пе? Содан шошынған есек жан ұшыра қаша жөнелді. Асфальт жоқ. Кедір-бұдыр жолдың үстімен, теріңді сыпыра сүйретіп кеткен болатын. Бізден кейін 4-5 үй әрі тұратын Ерлан ағаның ұлдары сол күні шошынған есекті тоқтата алмағанда, бәлкім, қазір осы хатты оқыр ма едің, кім біледі. Бұл жағдайдан кейін сені кәдімгідей ауыл адамдары танитын болды. Ауылға барсаң мынау Бибігүлдің есек сүйреп кеткен қызы емес пе деп сұрайды.

Міне, осылай өстің. Ал бүгінде журналист мамандығының 3 курс білімгерісің. Атаңның бар арманы – сені теледидардан көру еді. Жаза берсем, қызық көп. Үміт артқан қыздарыңыз сенімдеріңізді әлі-ақ ақтайды деп ата-әженің бетінен сүйіп қой! Бұл – балалық шаққа саяхат па, әлде балалық шаққа Саядан хат па? Өзің түсінгейсің...

**Н. ТАЛҒАТБЕКҚЫЗЫ,**
**ЖҚ-312.**

# НЫСАП

Кедей бай болсам, бай құдай болсам дейді. Көп жағдайда адамдар қанағат деген сөздің не екенін ұмытып кетеді. Қанағатсыз адам «болдым, тойдым» деп ешқашан айтпайды.

Жақында осы бір көріністің куәгері болдым. Түс уақыты. Базарға анаммен бірге барған едім. Ақша сұрап жүрген бір үлкен әйелді көзім шалып қалды. Әлгі кісіні көріп, аяқ-қолы сау, он екі мүшесі түгел неліктен өзі жұмыс жасамайды - деген ой келді. Біраз қарап, бақылап тұрдым. Бір уақытта жас қыз-жігіттер өтіп бара жатты. Сол кезде «бауырлар! қыздар! көмектесіңдерші!» - деп ақша сұрады. Өтіп бара жатқан қыз тоқтап, қолына тиын ұстатты. Осы жақсылығына әйелдің айтқан сөзі: «100-ақ теңге ме? Қолыңда шырын мен бәліш тұр, ал маған бергенің осы ма? Бұл түкке тұрғысыз шырынды алғанша, ақшасын маған берсең болатын еді», - деді. Дәл сол көріністі бақылап тұрған мен «неге беріп тұрған нәрсеге қанағат етпейді? - деп ішімнен ойладым. Бір апта өтті, қайта осы жерге жұмыстарыммен келдім. Әлгіндегі әйел адамды қайтадан көрдім. Бірақ бұл жолы алма сатып тұр екен. Мен алмасын сатып алмақшы болдым. Мен ғана емес, басқа да адамдар көмек қолын созу үшін алып жатты. «Бір әйел кісі маған 1 кг алма беріңіз» – деп еді, 1500 теңге!» – деді. Неге сонша қымбат? – деді сатып алушы, «қымбат түгі жоқ, алмасаң алма, басқа ақшасы бар адамдар алады! Саудамды жаппай, кет былай!» - деп өте дөрекі жауап қайтарды. Мені жұрттың оған жасап жатқан жақсылығын неге көрмейді деген ой мазалады.

Кейбір кезде біз жақсылықты бағаламай, қанағатсыз болып кетеміз. Бізге біреу міндетті сияқты көрінеді.

Қорыта келе, менің айтпағым жанымызда жүрген адамдардың жақсылығын сезіп, қанағат жасай білу керек. Сол кезде қанағатшыл боламыз.

**Назерке КӘКІМОВА,**
**ЖПҚ-311 топ студенті.**

# ДОРОГУ МОЛОДЫМ ИЛИ STARTUP FOR STUDENTS


**Дамир ДИГАЙ,**
**Основатель стартап-академии Жетысу.**

**— Дамир Анатольевич, расскажите, пожалуйста, о вашем карьерном пути.**

— Все началось с общественной работы. Мы занимались волонтёрской деятельностью, играли в дебаты и в КВН. У меня была собственная университетская команда, где я являлся капитаном. Участвовали в международных и республиканских лигах. А после окончания бакалавриата, меня пригласили поработать заместителем декана юридического факультета. Я курировал именно область науки и профориентационной работы, это было очень интересным этапом. Ну и потом я возглавил офис коммерциализации результатов научных исследований. Это было тем самым «предначалом» стартап-академии, потому что раньше были только научные проекты. Данные проекты стали стартапами. В ходе работы я уже стал депутатом VII созыва Алматинского областного маслихата, где как раз таки представлял именно молодежь. Был самым молодым в этом корпусе среди всех наших областных депутатов, являлся спикером партии и общественным членом во многих советах по образованию.

**— Расскажите теперь немного об истории стартап-академии.**

— Стартап-академия открылась 26 мая 2017 года. Это была 5-я стартап-академия, которая открылась именно в Казахстане на базе университета. Открылась она по инициативе нашего ректора Баймырзаева Куата Маратовича. Мы смогли создать платформу, площадку, где объединялись школьники, студенты, молодые ученые, докторанты и магистранты, для того чтобы развить экосистему научно-инновационных и стартап проектов. То есть, была цель подготовить прагматичных специалистов с креативным, нестандартным и коммерческим мышлением, чтобы любой научно-инновационный проект создавать в свое удовольствие и заниматься своим любимым делом. История началась с того, что мы совместно с фондом «Даму», в котором проводились бесплатные мастер-классы и бизнес-тренинги, открыли данную академию. Наша идея была в том, чтобы научить ребят тем навыкам, которым не обучают в учебных заведениях. Находились мы тогда в главном корпусе. После, по инициативе ректора, нам дали более просторное помещение, где уже был свой коворкинг, зона ожидания, небольшая видеостудия, презентационная зона, а также своя смарт-лаборатория. Поэтому, если говорить об истории стартап-академии, то можно смело сказать, что мы начали с малого, а сейчас у нас целых 300 квадратов, где ребята реализуют свои идеи. На сегодняшний день мы привлекли внешние инвестиции на сумму 300 млн тенге. Эти деньги были привлечены в виде грантового финансирования на научно-исследовательское направление.

**— Допустим, что есть хорошая бизнес-идея. Как действовать дальше и что нужно для запуска стартапа?**

— Необходимо сразу записаться в стартап-академию, где мы в течении учебного года даем именно образовательный контент. Мало просто иметь хорошую идею, важно также правильно упаковать ее, то есть сделать проект презентабельным, привлекаемым и продаваемым. Мы обучаем стратегическому маркетингу, ораторскому искусству, тому, как нужно продавать проекты и делать рекламу правильно. То есть мы учим именно маркетингу и менеджменту, как собрать команду и управлять ею. Необходимо для запуска стартапа также прокачать свои навыки в плане образовательного контента. Нужно оформить и подготовить бизнес-план, записать видеопрезентацию для проекта, составить смету и т. д. Надо научиться составлять грамотную презентацию, потому что для запуска стартап-проекта необходим капитал, а чтобы был капитал, нужно подавать на различные грантовые программы. Конечно же, важно и умение правильно говорить, выступать перед инвесторами или комиссией, которые выдают гранты. Поэтому если есть хорошая идея, необходимо изучать в академии или же самостоятельно все вышеперечисленные навыки.

**— Какие самые распространенные ошибки стартаперов?**

— Часто бывает, что сама идея хорошая, но ребята не обладают навыками маркетинга и менеджмента. В таком случае проект погибает. Бывают также случаи, когда проект слабенький, но ребята очень круты в плане ораторских способностей, красноречивости и поэтому они выигрывают гранты. Это считается немаловажной ошибкой, которую часто допускает молодежь. Инвесторы и комиссия дают деньги в первую очередь людям, поэтому здесь это очень важно.

**— Как стартап-академия помогла студентам? Приведите, пожалуйста, несколько примеров.**

— Я всегда говорю о том, что по итогу, любой стартап, который проходил через стартап-академию, должен быть коммерциализирован. Это значит выйти на рынок, стать независимым, создать рабочие места и зарабатывать самостоятельно на нем. У нас на этот счет есть несколько ярких примеров, когда ребята проделали определенный путь, открыли свое ИП или ТОО. Например, Нуркежанов Дамир. Он – студент физмата, приходил на первый конкурс к нам, но, к сожалению, не выиграл. Пришел на второй год – тоже не получилось. Но потом он начал обучение в стратап-академии. После многократных побед в разных областных и республиканских конкурсах, он благополучно завершил курс. На сегодняшний день сумма его гранта финансирования составляет около 20 млн тенге. Он открыл свое собственное ИП, у него на сегодняшний день успешная школа робототехники, где трудятся около 10 работников и учатся больше 50 студентов. Это один из самых успешных стартаперов, который как положено прошел весь путь, реализовал свой проект, и развивается по сей день.




**— Какие планы на будущее?**

— Мы продолжаем развиваться и трудиться, чтобы у нас были свои бизнес-тренеры и учителя стартап-академии, потому что мы в основном работаем на общественных началах. Подаем на различные гранты для реализации этого плана. Будем и дальше обучать новых талантов. Поэтому добро пожаловать в стартап-академию! Приходите, мы будем обучать различным soft и hard skills-ам. Будем с нетерпением ждать всех!

**— Благодарим Вас за познавательное интервью. Желаем стартап-академии успехов и процветания, заинтересованных студентов.**

— Спасибо большое!

**Беседу вела**
**Аяна ЕРМУХАНБЕТОВА,**
**ЖК-312.**



# ОТКУДА ЧЕРПАЮ МОТИВАЦИЮ?

Недавно прочитала книгу Стива Харви «Прыжок веры». Очень интересная книга для тех, кто боится рискнуть. Она так увлекает, что Вы найдёте силу и поверите в себя.

Стив Харви – успешный американский комик, шоумен, актер, музыкант и писатель, вдохновляющий многих. По его словам, жизнь не будет тебя жалеть. Если ты сам не изменишь свою жизнь, то навсегда останешься на одном месте. Да, его исключили из колледжа, сократили на работе, а близкие просто перестали общаться. И тогда он понял, что это «пощечина» жизни и на них реагировал прыжком. Прыжок – это риск и шаг в неизвестность. И все прыжки, которые он делал в конце концов, привели к мечте: работать на телевидении. Он брался за все, двигался дальше. И главное, он говорит, вера в Бога. «Помните, что Божий замысел всегда грандиознее ваших собственных планов на жизнь».

Стиву приходилось даже ночевать в машине почти 3 года, ему было нечего есть. Прочитав книгу, я поняла, что вся наша жизнь зависит только от нас самих. А если не получится в этот раз, то получится в другой. Нельзя сдаваться и нужно идти навстречу к своим целям и мечтам. «Если вы просыпаетесь с мыслью, что в вашей жизни должно быть нечто большее, чем то, что в ней уже есть, поверьте – это так. Вы должны всем сердцем поверить, что это так. Но чтобы достичь счастливой жизни, вам нужно прыгнуть». Это одна из любимых цитат в книге.

Я всегда завидовала людям, которые зарабатывают много денег, покупают машину родителям, открывают свой бизнес и чаще всего это блогеры и они еще мои ровесники. Я всегда думала, что им повезло. А таких, как я, много и это нормально. Да, это нормально, но прочитав книгу я задумалась. И сейчас я стремлюсь к лучшей версии себя. Начала понимать, что бездействие это не выход, и чтобы найти себя и быть счастливым, успешным человеком нужно развиваться и делать свое будущее самостоятельно.

**Аян АЙДАРКЫЗЫ,
ЖПК-311.**

# ТЕПЕРЬ Я ЗНАЮ, ЧТО ДЕЛАТЬ В 20

Если бы мне когда-то сказали, что я без чьих-либо указаний прочитаю целое «произведение», я бы подумала, что они сошли с ума, но эта книга «Почему никто не рассказал мне это в 20?» зацепила меня. Я думала, что она также будет наставлять меня на «верный» путь. Но я дико удивилась, когда мне напрямую говорят не слушать всех тех, кто пытается жить по стандартной картине мира и навязать свою точку зрения.

Этот бестселлер рекомендуется тем, кто хочет научиться выявлять собственные скрытые возможности, создавать необходимый баланс между приоритетами и учиться на своих и чужих неудачах. Все это поможет получить от жизни главное – успех, признание и удовлетворенность.




Тина Силиг – преподаватель в Стэнфордском университете. Она сделала сборник историй, которые узнала из самых разных источников: от выпускников колледжа и до крупных бизнесменов. Все истории посвящены достижению успеха на профессиональном поприще. Они помогают по-новому взглянуть на собственную жизнь, осознать преграды, которые мешают добиться заветных целей, и создать план движения в будущее.

А еще этот труд позволяет усомниться в общепринятой мудрости и непредвзято взглянуть на правила, по которым живут окружающие. Вы узнаете, как бороться с неуверенностью в собственных силах, трансформируя появляющиеся проблемы в возможности. Прекрасный мотиватор: вдохновляет, расширяет границы, даёт много векторов, порождает море идей и открывает новые дороги. Помогает выходить из зоны комфорта. Я вдохновлена этим материалом. Основные идеи:

- Важно научиться делать первый шаг, не ожидая какого-то толчка извне.
- Любая неудача – оборотная сторона успеха, и одно невозможно без другого.
- Удача определяется кропотливым трудом.
- Мир полон возможностей. Нужно просто научиться замечать их, расширяя границы собственного воображения.

В целом книга понравилась. Благодарю автора за искренность и самобытность!

**Амина АКЫЛБАЕВА,
ЖК-111.**

# ПРЕГРАДЫ СУЩЕСТВУЮТ ЛИШЬ В НАШЕЙ ГОЛОВЕ

Я хочу осветить вам путь к обратной стороне горя. Вдохновляющая история Ника Вуйчича, необыкновенного человека, который родился без рук и ног. До знакомства с книгой «Жизнь без границ. Путь к потрясающе счастливой жизни» о Нике Вуйчиче я знала немногое. Видела лишь несколько его мотивационных видео, восхитилась его открытостью и оптимизмом. Захотелось узнать больше о нем, его жизни. После прочтения книги осталась под приятным впечатлением, вдохновилась мудростью, позитивом, широтой души этого человека.

Книга написана простым, понятным языком. Когда читаешь, создается впечатление, что общаешься с другом, который всегда поддержит в трудную минуту. То, что пишет Вучич – заряжает и мотивирует действовать. Автор предлагает в проблемах видеть не упущенное, а новые возможности. Он рассказывает о том, что нужно формировать свою внутреннюю силу, чувствовать свою ценность. Если этой силы нет, человек может обратиться за помощью к Богу. Также призывает ценить свою индивидуальность, не пытаться стать таким же, как все.

Больше всего меня вдохновили строки о серфинге. На своем примере человек доказывает, что возможности безграничны, важна лишь вера в себя и желание добиться результата. А еще меня восхитила самоирония Ника. Все трудности, через которые ему пришлось пройти с улыбкой, учат смеяться над собой.




Книга написана на 364 листах: любой человек найдет море слов поддержки, веры, надежды и любви, с помощью которых мы сами можем изменить свою жизнь, стать психологами для себя же.

Нам очень легко себя жалеть и играть жертву: я не могу это, не могу то, мало зарабатываю, мне не нравится моя работа, меня не любят и т. д. Но все это меркнет перед человеком, который от рождения имеет физический недостаток, но такой полноценный во всем! А секрет лишь в одном...

Название книги полностью соответствует ее содержанию. После прочтения осталось ощущение тепла, вот такой позитивный и солнечный человек автор, что даже на расстоянии смог передать свой свет. Мелкие переживания, несуществующие проблемы, нехватка сил жить дальше, небольшие ссоры, после прочтения этой книги, кажутся такими незначительными пылинками, что на них не стоит зацикливаться так серьезно.

Замечательный пример становления и воспитания силы духа. Именно на таких надо равняться, чтобы вырвать с корнем из себя депрессию, жалость и прочие комплексы собственной неполноценности. Жизнеутверждающий бестселлер!

*7-8 стр. подготовлены Алтынай МАХИМОВОЙ.*

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ

Медиаорталық басшысы
Баян Шаянбаева

Бас редактор: А. Иебекова
Тілші: С. Әшірбекова
Корректор: А. Махимова
Дизайнер: Н. Елшібеков
Фотограф: С. Туранов

- Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникация министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2018 жылғы 27 қарашада тіркеліп, № 17378-Г куәлігі берілген.
- «Жетісу университеті» газеті медиаорталықта теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Газет айына бір рет шығады.
- Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы - Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жансүгіров көшесі, 187 а.
Байланыс телефоны: 12-00

Индекс 64568
Тапсырыс №732
Таралым 2000 дана